

ANTIBIOTICS

OBJECTIVE: TO FAMILIARISE-CARON TABLET

Сарышолақты кім білілті? Ұланғайыр қазақ даласының төрт тарабы бүтіндікке қол жеткізе алмай отырған көз еді ғой. Басқасын былай қойғанда, көйінгілер өбден сауаттанған шақта мейірлене бас қойған сөз қазыналарының өзі қырдан өтсе, белден аса алмай, өзеннен өтсе, таудан аса алмай демігіп қалатын шақ еді. Өзгелері өз алдына ғой, ұлы Абайдың жырлары биі мен шешені, керегендісі мен көсемі мол байтақ қазақ территориясына түгел тарап үлгерген жоқ-ты. Татар баспалары «Салса», «Зарқұм» тәрізді діни аңыздарды, «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» тәрізді лиро-эпостар мен батырлар жырларын там-тұмдап кітап етіп шығарғаны болмаса, іші алтын, сырты күміс жауһар жырлар кең тарай қоймаған еді.

Сол заманның сөз өнерін зерттеушілер (мысалы, Жұбаназар Асанов) бір ғана Шалқар өңірінде ақын Сарышолақпен заманы да, амалы да бір Батақтың Сарысы, Пұсырман, Қауыс, Қаршыға, Құли, Мұхамедияр, Ақшолақ, Таразы, Әбіл, Кіртай, Рысқұл Марқа тәрізді даңғыл көкіректі ақындар болғанын жазады. Бұлардың арасында көрнекті ақын Ізтай Мәмбетовтің поэмасына кейіпкер болғандығы, басқалай да себептері бар реттермен Батақтың Сарысы ғана мұқым қазаққа мәлім болды, құндылығы зор «Бес ғасыр жырлайды» кітабына енді. Ал басқалары...

Сарышолақ та күні кеше, 1929 жылы дүниеден озғанына қарамастан, бағзыда ғұмыр кешкен ескі сөздің иесі тәрізді ұмытылып бара жатқан сияқты еді. Әрине, мұндай реттерде жаңа түгілі көне мұралардың саяси сенімділігіне өкі шоқып, бір қараған кеңестік сақтық пен сайқалдықты кінәлағандық аман кем. Әрпі жақтағы Шортанбай, Дулат, өз іргемізіндегі Ғұмар (Қарашев), Шөңгерей (Бөкеев) «сотқа ілігіп» жатқанда, Сарышолақты желпілдету мүмкін де емес еді.

... Салыстырма тұнықпен,
Тұнығымды шайқады.
Ішіме кіріп өуелі
Алды-артымды байқады.
Байқаванның белгісі –
Шалғынымды жайпады.
Сыр тартып іштөй

сыбыспен

Арава кіріп шайтаны,
Дос болып кіріп ішіме,
Қаңының бұл қайқаңы,
Көрерімді көп қылды
Артынан шығып сойқаны, —

деп мүлөйім отаршылдықтың бет пердесін сыпырмақты ниет еткен Сарышолақ, тағы бір сөздерінде сол тірлікке мойынсұнып отырған ип жақсыларды да сыбағасыз қалдырған жоқ:

Дұрысын айтсаң болысқа,
Сөзіңді тыңдар нәм көтті.
Нәм көттінің белгісі –
Шен үшін ат төрлетті.
Күніне ісіп өліне,
Көрінбөкші көлбетті...

Біз кітаптың саусағымыздың ұшы тиген бір бетінен бірер мысал ғана көлтіріп отырмыз. Әйтпесе 16,5 баспа табақтық, 264 беттік кітаптың үңіліп оқитың, көз кідіртетін тұстары көп. Енді сол кітапты таныстырайық.

Сарышолақ БОРАНБАЙҰЛЫ.
«Азаттық еді аңсаған».

Өлеңдер, дастандар, айтыстар.
Алматы, «Ел-Шөжіре», 2006 жыл
1000 дана.

Жинақты құрастырып, баспаға дайындаған – филология ғылымдарының кандидаты Жұбаназар Асанов.

Пікір білдіргендер: Рахманқұл Бөрдібай – филология ғылымдарының докторы, профессор, Рымғали Нұрғали – филология ғылымдарының докторы, профессор.

Кіріспе сөз авторы – Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры Ғалымжан Нұрышев.

Әлгіңде айттық, Сарышолақ Боранбайұлының ғұмыры, талантының гүл

ашу мерзімі мен кемелденуі іргедегі Ресеймен тынысымыз бір болған деуге көлерлік аласапыран кезеңге тап келді — 1858-1929 жылдар.

Қазірдегі сияқты ол заман ақын-

Көрдері Әбубәкір ақынмен айтысқа түскен Ақтөбе, Орынбор, Орад Орск (Жаманқала) қалаларын аралаған, Көкжар, Орынбор, Қарақамыс жәрмеңкелерін көрген жақсылар мен

жайсаңдардың талайымен дидарласқан «аты барда жер танып, есі барда ел таныған» ақынның ел ісі мен ер ісі туралы сөздерінің былайғы тіл бөзеушілердің бір мезеттік лебіздерінен өлде-қайда иықты болуы да заңды еді.

Әттең, сол мұралардың қолдан жасалған кесірден тартқан зияны жетерлік екен. Кіріспе сөзде Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры Ғалымжан Нұрышев осы ретте: «Жинақты құрастыру кезінде текстология мәселесіне айрықша назар аударылғанымен көмшін жерлері бар болса керек. Әрі бұл жинаққа ақын шығармалары толық енген жоқ. Аузын ашса көмейінен сыңғырлап жыр төпленген ақпа ақын-

ның мол мұрасын жинап, академиялық басылым шығару, оны зерттеп, ғылыми айналымға қосу, шығармашылық өмірбаянын түзу — алдағы күндер өңісіңдеп істер», — деп көлешөктегі бір оңды шаруаны мезгел қойыпты. Солай болған күнде де, өлгі көмшін тұстарына қарамастан, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында осы институт жанынан құрылған «ҚАЗЫНА» жобасының мына ұсынған кітабының қадірі жоғарылап тұр.

Енді кітап құрастырушының бұрынғы көп басылымдарда байқала қоймаған бір ерекшелікке қол созғанын айтпай кетуге болмайтын сияқты. Бәлкім, ақын мұрасын жеткізушілер (олардың аты-жөндері жинақ соңындағы «Түсініктерде» келтірілген) мен құрастырушы Сарышолақ ақынның қай туындысы дәл қай кезде шығарылғанын білмегендіктен болар, хронологиялық тізбеден қашып, шығармаларды тақырыптарға сәйкестендіріп орналасырыпты. Қалай болғанда да, бұл да өзін ақтаған тәсіл екені аңғарылады. Ақын жырлары былай түзіліпті:

Ақындық туралы.
Отарлық өзгі туралы.
Туған жер табиғаты.
Ақшылық туралы.
Әл-әулеттік жөңдеу.
Дін туралы.
Философиялық өлеңдер.
Әйел туралы.
Ән-төкстөр.
Юмор. Сықақ.
Арнаулар.
Жоқтау.
Беташар.
Дастандар.
Айтыстар.
Шөжіре.

Міне, жинақ мазмұнына үңілген оқырман Сарышолақтың ақындық аясы жөнінде осы тақырыптарға көз жүгіртп-ақ та, қысқа ой түйе алады.

Сарышолақ ақынның заманы іргелі қазақ жұртының тағы бір тар тұсқа келген, өзгеніңде не шаруасы бар, өз жері мен өз суы өзіне мұң болған, өлділер айла таппаған, өлсіздер шыбындаған басқаның үкіміне телміруге мәжбүр болған бір сұр заман еді. Сарышолақтың өзі сол заманғы қалың жұрттың көзі, көкірегі еді. Сол көкіректің мұңы мен зары, арпалысы мен алданышы, міне, неше көзөңдер өткенде алдымызға кітап болып қайта оралыпты. Сол кітаптың, сол КІТАПТАРДЫҢ жалғасы көбейе бергей.

Ертай АШЫҚБАЕВ

ЗАМАННЫҢ КӨЗІ



дарының да (әрине, ой зердесі мен сөз талғамы жоғарылары) көңілі барлаған, көкірегі түйсінген жайларды сыртқа шығармаққа амалы жоқ еді. Ал Сарышолақтың өз замандастары мен тұстастарынан ерекшеленетін себебі, тайпа мен рудың намысын жыртып, өлді мен өлсіздің жпін ажыратып, ауыл-үйдің көлісті, келіссіз тіршілігін жария етумен шектеліп қалмай, қалың жұрттың мүддесіне қызмет етерлік сөз ұсынуында еді. Бұл туралы осы кітаптың алғысөзі іспетті «Сарышолақ Боранбайұлы» деп аталатын көлемді мақала жазған Жұбаназар Асанов пен Жайнағұл Төлемісова жан-жақты тұжырым жасайды. Былай дейді:

... «Ол — суырып салма, ақпа-төкпе ақын, соған қарамастан шығармалары сазды, ұйқасы мықты, мазмұны төрең, көркемдік дәрежесі биік.

Ол отаршылдар саясатының қитұрқы астарын халыққа өлең тілінде түсінікті өтіп жеткізуге қызмет етті. Тәуелсіздікке жетуге насихаттады.

Ол — төк ақын вана емес, жыршы, сөзгер, өрі мықты өңші, яғни сәл

Ол — ер образ, ер суреттелген көріністің нәзігінде шындық болуы керектігінің айқын үлгісін көрсетті. Жаңашыл ақын болды. Әдебиетіміздің реалистік бағытын нығайтты.

Ол — гуманист нем философия ақын.

Ол — табиғат жыршысы еді.

Ол — өзіндік өлең құрылысы, тіп өзгешелігі, өз стилі бар ақын.

Оның мұрасы — мазмұны жағынан жан-жақты, аса бай. Сарышолақта махаббат, сауда, тіл тазалығы, аң аулау, сатира, арнау, жоқтау, шешендік дау тақырыптарына арналған шығармалар бар.

Ол — ілгерідегі Асанқайғы, Бұқар жырау тәрізді болжампаздық қасиет дарыған ақын, өлінің тәуелсіздік апарын, сол кезде өз сөзінің де өлмей, жарыққа шығарын бұдан бір аасыр бұрын айтты көткен».

Көріп отырмыз, Сарышолақ қонағасы бермеген пәленшені сойып салып, ірілік көрсеткен түгеннен жер-жебіріне жете мінеумен ғана бедел жинауды мақсат тұтпаған екен. Көргендері мен көңілге түйгендері ер тараптан сөйлеуге, сол тұстағы елдікке қатысты оқиғаларды қалт жібермей бақылап отыруға мәжбүр өткен. Ауырып жатқан Есет батыр Көтібарұлының еркелей көңілін сұрап, ел қамқоры Мырзағұл Шымнұлының үзәңгілес серігі болған өйгілі